

ТҮЙІН

Эндометрииттерді емдеу стратегиясында организмнің қорғаныштық күштерін стимуляциялау және регенеративтік процестерді белсендендірумен қатар басты тапсырмаларға патогенді микрофлораны тиімді тоқтату және жатырдағы әртүрлі сипатта жиналған эксудатты жою жатады. Мақалада сиырлардың әртүрлі сипатындағы ірінді эндометрииттерін емдеу үшін ветеринар мамандарына НИТОКСа-200 отандық препаратын Г.С. Фатеевтің новокаинды блокадасымен үйлестіре қолдануды және тиімді патогенетикалық терапия сұлбасы ретінде жатырдан эксудатты жою мақсатында йодопенді қолдануды ұсынамыз.

RESUME

The strategy of treatment of endometritis, along with the stimulation of the body's defenses and the activation of regenerative processes, the main objectives are as effective in inhibiting pathogenic organisms and the removal of the uterus accumulated different nature of exudate. In this paper, in order to achieve the treatment of different character endometritis in cows we recommend veterinary professionals to use domestic product НИТОКСа-200 in combination with novocaine blockade on G.S. Fateev, and for the removal of fluid from the uterus yodopen used as an effective scheme of pathogenetic therapy.

УДК 619:616.995.7.636.3

А. Ильясов, магистрант

Н. Ж. Сариев, ветеринария ғылымдарының кандидаты, аға оқытушы

Е. М. Сенгалиев, ветеринария ғылымдарының магистрі, оқытушы

Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық техникалық университеті, Орал қ., Қазақстан

ӘРТҮРЛІ ЖЫНЫСТЫ ЖАНУАРЛАР АҒЗАСЫНДА *OESTRUSOVIS* ДЕРНӘСІЛДЕРІНІҢ ОРНАЛАСУЫ

Аннотация

Мақалада қойлардың эстроzy кезінде қожайын ағзасында дернәсілдердің орналасуын және орналасқан жерінде дернәсілдердің санын анықтаудың нәтижелері берілген. Жұмыс нәтижелері бойынша *Oestrusovis*-тің 1-ші саты дернәсілдерінің негізгі бөлігі мұрын қуысының кілегейлі қабығында орналасады. 2-ші және 3-ші сатыдағы дернәсілдердің ең көп бөлігін ересек аталық жануарлардың маңдай қуысынан және мүйіз өсінділерінен таптық. Саулықтарда 2-ші және 3-ші сатыдағы дернәсілдер мұрын қуысы және кеңсірікте тіркелді.

Түйін сөздер: қойлар, эстроzy, *Oestrusovis*, дернәсіл, сүйек қуыстары.

Кіріспе. Эстроzy әлемде кең таралған аурулардың бірі болып табылады. Көптеген елдерде *Oestrusovis* дернәсілдерімен залалдану деңгейі 70-100% құрайды. Бұл аурудың шаруашылыққа экономикалық жағынан зияны зор. Бұл өнімділіктің төмендеуі және аурумен залалданудың жоғары деңгейін көрсетуі және қозылардың жиі өлім жітімге ұшырау әсерінен көрінеді [1, 2].

Қой танауына жабысқан ұрықтар (балаңдар) механикалық, токсиндік, сполитриялық, аллергиялық әсерін тигізеді. Олар денесіндегі ілгешектері және қылшықтарымен танау мұрынның кеуіліз, кеңсіріктің мұрын қуысының кілегей қабықтарын жаралап, ісіндіреді. Соның салдарынан ауырған малдың мұрынынан сарысу, ірің кейде қан аралас сұйық ағуы мүмкін. Ересек жәндіктер малдың мазасын алады. Қойлар топқа жиналып, жайылудан қалады. Сондықтан салмағын жоғалтады, қозылар өспей қалады. Кейбір ғалымдардың айтуынша, қойлар 3 кг дейін салмағын жоғалтады. Егер ауру басқадай микробтармен ушықса, онда бүкіл кеңсірік іріңдеп, шіриді. Танау кеңсіріктің ісінуі малдың тыныс алуын, жем-шөп жеуін қиындатады. Ауырған қой арықтайды, демігеді, пысыра береді [3, 4].

Аталмыш аурумен күресу үшін олардың өсіп-өнуін, мерзімдерін нақты білу керек.

Эструс жәндіктердің даму айналымы толық емес, оларда жұмыртқа сатысы болмайды. Ұрғашылары тірі баланқұрттарды туады. Жәндіктердің ұрғашылары ұрықтанған соң, қараңғы қуыстарға тығылады, 14-18 күн өткеннен кейін жыныс мүшелерінде баланқар қалыптасады. Сонда ұрғашылар тез қимылдап, қой отарын іздеп ұша бастайды. Сосын 2-3 күннің ішінде қой танауына сол ұшқан бойы немесе жерден 40 см. жоғарылау тұстан 8-35-40-қа дейін тірі ұрықтарын бүркіп кетеді. Сақа жәндіктер ұрық кезіндегі жиналған қоректік заттармен күнелтеді. Еркегі 12-25 күн, ұрғашысы 20-46 күн тіршілік етеді.

Бүркілген ұрықтар бас ілгекшелерімен тез арада мұрынның кілегейлі қабатына, танауға жабысып қалады. Бұл жерде ауаның, қоректік заттардың молдығынан ұрықтар 20-30 күнде екі есе өсіп, кеңсірік қуысына дейін жылжып жетеді де түлеп, екінші сатысына ауысады. Сол жерде екінше рет түлеп, үшінші сатыдағы баланқарға айналады. Түлеген ұрықтар маңдай қуысына қайта ауысып, өсуін тоқтатады да, мұрын қуысына өтіп ауырған мал пысқырғанда жерге түсіп қалады. Сосын олар 1-10 см жерге еніп қуыршаққа айналады. Қуыршақтану дәуірі ауаның температурасына қарай 14-46 күнде аяқталады, сосын ересек жәндік ұшып шығады.

Қой пысқырығы эструс жәндіктер жылына бір рет, ал, оңтүстік аймақтарда екі рет ұрпақ береді. Онда бірінші салған ұрпақтан шыққан шыбындар мамыр айына ұшса, екінші салған ұрпақтан шыққандары тамыз- қыркүйек айларында ұшады. Бөгелектердің жаппай ұшуы топырақ қызуы 17° градустан асқанда басталады да, 15-20 күн өткен соң аяқталады. Жәндіктер көбінесе қой қорасы маңын сағалайды, ал баланқарды туар кезде қой іздеп, 30 шақырымға дейін ұша алады [5]. Осы кезге дейін эстроз ауруына байланысты көптеген жұмыстар жүргізілді. Бірақ та, *Oe.ovis* дернәсілдерінің бас сүйегінде орналасуы және орналасқан жеріндегі дернәсілдер саны аз зерттелген.


Жұмыстың мақсаты. Жоғарыда айтылғандарға орай, *Oe.ovis* дернәсілдерінің бас сүйегінде орналасуы және орналасқан жеріндегі дернәсілдер санын анықтауды мақсат қойдық.

Зерттеу материалы және әдістер. Жұмыс Батыс Қазақстан облысы Тасқала ауданы Атамекен елді мекенінде орналасқан асыл тұқымды ақжайық етті-жүнді қой шаруашылығында және Атамекен ауылындағы жеке сектор қойларында жүргізілді. Зерттеу мерзімдері шілде және қыркүйек айлары. Материал ретінде 8 саулық және 12 қошқар алынды. Оларды алдын ала клиникалық зерттеуден өткіздік. Бұл кезде танаудағы ұрықтар, сонымен бірге аурудың пайда болатын мерзімі және шаруашылықта жыл сайын қайталануы ескерілді. Визуалды әдістерді қолданылды, клиникалық белгілерін (пысқыру, бір оренда айналу), баланқұрттардың жерге түсуін байқадық. Зерттеуге эстроз ауруының клиникалық белгілері байқалған жануарларды алдық.

Зерттеу жұмыстарын инвазияланған қойлардың бастарын жарып сою және мұрын қуысының, маңдай қуыстарының және мүйіз қуыстарының кілегейлі қабықтарын қарау арқылы өткіздік (1, 2 сурет). Орналасуын зерттеу кезінде қой бөгелектерінің дернәсілдерінің жалпы санын сатылары бойынша санадық.



1 сурет – *Oestrus* дернәсілдерімен инвазияланған қойлардың бастарын жарып-сойып қарау сәттері



2 сурет – 1-ші және 2-ші саты дернәсілдері

Паразиттердің жасын морфологиялық белгілеріне қарай ажыраттық. Бұл жәндіктердің даму толық метаморфозды емес, сондықтан олардың үш сатысы бар: балаң, қуыршақ және ересек сатысы. Ересек сатысы – тұрқы 10-12 мм дейін жететін кәдімгі жәндік. Ұрғашысы еркегінен үлкендеу болады. Ересек сатылыры сары, қоңыр, сары-сұртүсті. Денесінде түгі бар. Басы үлкен, кеуде жағы үлкендеу болып келеді. Екі күрделі көзі бар. Төбесінде үш төмпешік көрінеді. Ауыз қуысы жоқ. Мұртшасы қысқа. Кеудесі ірі, орта шенінде төрт қара жолағы бар. Үш жұп аяқтары қысқалау, қоңыртүсті. Құрсақ жағы сопақ, 5 буылтықтан құралған, түсі қарақоңыр, әр жерінде ақ жолағы орналасқан. Қанаттары түссіз. Балаңдар үш сатыдан өтеді: 1 – балаңның бірінші сатысы: ұсақ, 1,27-1,35 мм, ұршық тәрізді, ирелектенген, 12 буылтықтан құралған, бас жағында жақсы дамыған косауыз ілмекшелері бар. 2 – балаңның екінші сатысы: ақ түсті, тұрқы 5-12 мм., бірінші және сегізінші буылтықтарында майда, конус тәрізді қылшықтар бар. 3 – балаңның үшінші сатысы: ұзындығы 10-30 мм, олардың артқы жағы енділеу болады, арқа жағында қоңыр сызықтары байқалады. Қуыршақ. Ұзындығы ~12 мм, қара-қоңыр, хитинмен қапталған, бас жағында қақпақшасы бар [6]. Инвазияның экстенсивтілігі мен интенсивтілігінің есебін үнемі өткізіп отырдық.

Зерттеу нәтижелері және оларды талқылау. Зерттеу барысында 1-ші саты дернәсілдерінің негізгі бөлігі мұрын қуысының кілегейлі қабығында орналасқаны анықталды. Олардың кейбірі мұрын қалқасында, вентральды мұрын раковиналарының беткейінде және мұрын жолдарының әртүрлі бөлімдерінде табылды (кесте 1).

1 кесте – Әртүрлі жынысты қойларда бірінші сатыдағы дернәсілдерінің орналасуы

Жануар топтары	Зерттелген мал саны	Дернәсілдердің жалпы саны	Дернәсілдер саны, экз./бас/%				
			Мұрынқуысы	Мұрынқалқасы	Вентральды, дорсальды және ортаңғы раковиналар	Торлысүйек	Гаймора мандай қуысы
Экземплярлар саны							
Саулықтар, саны	8	188	158	8	10	7	5
Саулықтар, %	8	188	84	4	5	4	3
Қошқарлар, саны	12	352	241	67	30	12	2
Қошқарлар, %	12	352	68	19	9	3	1

Тоғышарлық ететін дернәсілдердің ең аз бөлігі вентральды мұрын жолының бүйір қабырғаларында, ортаңғы және дорсальды мұрын раковиналарының бетінде және торлы сүйектің

турбиналияларында шоғырланған. 1-ші сатыдағы дернәсілдердің ең аз саны маңдай және гаймор қуысында табылды.

2-ші және 3-ші сатыдағы дернәсілдердің ең көп бөлігін ересек аталық жануарлардың маңдай қуысынан және мүйіз өсінділерінен таптық. Саулықтарда 2-ші және 3-ші сатыдағы дернәсілдер мұрын қуысы және кеңсірікте тіркелді. Қойлардағы аталмыш орналасудың ерекшелігі қойлардың жыныстық топтарының бас сүйегінің өзгешелігіне негізделуі мүмкін. Ересек саулықтарда мүйіз өсінділері жоқ немесе рудименттелген. Ал қошқарларда олар бар. Олардың қосалқы қуыстары жақсы дамыған, көлемі үлкен. Сол себепті, 2-ші және 3-ші сатылы дернәсілдердің орналасуына және дамуына қолайлы болады. Барлық даму сатыдағы дернәсілдер қозғалғыш, олардың онтогенезі негізгі орналасқан жерінен тыс миграциялану арқылы жүреді.

Қорытынды. Осылайша, 1-ші саты дернәсілдерінің негізгі бөлігі мұрын қуысының кілегейлі қабығында орналасқан. Олардың кейбірі мұрын қалқасында, вентральды мұрын раковиналарының беткейінде және мұрын жолдарының әртүрлі бөлімдерінде табылды. Дернәсілдердің ең аз бөлігі вентральды мұрын жолының бүйір қабырғаларында, ортаңғы және дорсальды мұрын раковиналарының бетінде және торлы сүйектің турбиналияларында шоғырланған. 1-ші сатыдағы дернәсілдердің аз саны маңдай және гаймор қуысында табылды. 2-ші және 3-ші сатыдағы дернәсілдердің ең көп бөлігін ересек аталық жануарлардың маңдай қуысынан және мүйіз өсінділерінен таптық. Саулықтарда 2-ші және 3-ші сатыдағы дернәсілдер мұрын қуысы және кеңсірікте тіркелді.

Жоғарыда айтылғандарды қорыта келе, қойлардың инвазиялану кезеңдері күнтізбелік жыл бойы жалғасады және шілде мен қыркүйек айларында максимальды интенсивтілігі күшейеді. Қой бөгелегінің жазғы генерациясының дамуы қуыршақтанудан өтеді. Қуыршақтану фазасының ұзақтығы бөгелек шыбындарының тіршілік ету ортасының табиғи климаттық жағдайларына байланысты. *O. Ovis*-тің постэмбриональдық кезеңінің жылдамдығы абиотикалық факторлар әсерінің байланысымен реттеледі. Оларға температура, топырақ және ауа ылғалдылығы жатады.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Букштынов В.И. Носовой овод злейший враг овец / В.И. Букштынов // Овцеводство. – 1968. – № 5. – С.39.
- 2 Воронин М.В. Оводы и меры борьбы с ними / М.В. Воронин. – М.: Колос, 1964. – 145 с.
- 3 Дукалов И.А. Эстроз овец в Ростовской области / И.А. Дукалов // Ветеринария. – 1957. – № 6. – С. 23-28.
- 4 Булхукова У.П. Эпизоотология эстрога овец в аридной зоне юга России / У.П.Булхукова // Тр. Всерос. ин-та гельминтол. – 2005. – Т. 41. – С. 107-112;
- 5 Щербань Н.Ф. Эстроз овец / Н.Ф. Щербань. – М.:Колос, 1976. – 136 с.
- 6 Шабдарбаева Г.С. Ветеринариялық протозоология және археоэнтомология: оқулық. / Г.С. Шабдарбаева. – Алматы, 2011. – 203 б.
- 7 Грунин К.Н. Носоглоточные оводы (Oestridae) / К.Н.Грунин // Фауна СССР. Насекомые двукрылые. – М.: Изд-во АН СССР, 1957. – Т.19. Вып.3. – С. 147.

РЕЗЮМЕ

В статье даны результаты исследований расположения личинок и их количества в местах расположения у зараженных эстрозом животных. По результатам исследований видно, что основная масса личинок 1 стадии расположена в слизистой оболочке носовой полости. Большая часть личинок 2 и 3 стадий у баранов находится в лобной пазухе и роговых отростках. У овец личинки 2 и 3 стадий преимущественно обнаружены в носовой полости.

RESUME

The article presents results of a study of the larvae and their location in the number of locations of the infected animals Estrosi. According to the results of the study can be seen that the bulk of the larval stage 1 are located in the mucosa of the nasal cavity. Most of the larvae stages 2 and 3 at the sheep is in the frontal sinus and horn sprouts. In sheep, three larval stages and two largely amount detected in the nasal cavity.